

Азаматтық сот ісін жүргізу- азаматтық істі қарап, шешу барысында пайда болатын соттың және басқа да қатысушы субъектілердің іс жүргізушілік әрекеттерінің жиынтығы

Бұйрық арқылы іс жүргізу – өндіріп алушының мүлікті, ақшалай сомаларды өндіріп алуын борышкер мен өндіріп алушының түсініктемелерін тыңдау үшін сотта іс қарамай- ақ, даусыз талаптар бойынша іс жүргізу(ҚР АПК-нің 134-143 баптары).

Талап қою бойынша іс жүргізу – азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй және басқа да құқықтық қатынастардан туындаған даулар бойынша бұзылған құқықты немесе заңды мүддені қорғау бойынша сотта іс жүргізу(ҚР АПК-нің 148-285 баптары).

Ерекше талап қоюмен іс жүргізу – әкімшілік сипаттағы құқықтық дауларға негізделген істерден туындайды, яғни тараптардың арасындағы қатынас «билік және бағыныстылық» түрінде орын алады (ҚР АПК-нің 286-301 баптары)

Ерекше іс жүргізу – даудың және тараптардың болмауымен сипатталады. Бұл істер бойынша сот шешімімен заңды фактілер, тұлғаның құқықтық жағдайы анықталады (ҚР АПК-нің 302-386 баптары)

Азаматтық сот ісін жүргізу сатылары – бір-біріне жақын іс жүргізушілік мақсаттардың біріктілігін сипаттайтын, біртұтас азаматтық сот ісін жүргізудің құрамдас бөліктері

істі сотта қарауға әзірлеу – сот барлық мүдделі тұлғалардың қатысуымен жүргізеді.

соттың бірінші инстанциясында іс қарау - істі мәні бойынша қарау сот шешімін шығарумен аяқталады

Сотта азаматтық іс қозғау – талап қою арқылы, шағым немесе арыз беру арқылы қозғалады

апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша іс қарау – соттың заңды күшіне актілеріне апелляциялық шағым беру немесе наразылық келтіру арқылы қозғалады

қадағалау тәртібімен іс жүргізу – соттың заңды күшіне енген актілерін қадағалау тәртібімен қайта қарау

атқарушылық іс жүргізу – шешімді орындауға тиісті тұлға міндеттерін ерікті орындамаған жағдайда мәжбүрлеп орындатуды қамтамасыз етеді.

заңды күшіне енген сот актілерін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау ж

Азаматтық іс жүргізу құқығының принциптері - азаматтық істер бойынша әділеттілікті атқаруды реттейтін және іс жүргізушілік нормалардың мазмұнын анықтайтын негізгі құқықтық идеялар



Азаматтық іс жүргізу құқығының принциптерін топтау




Бекітілген нормативтік қайнар көзі бойынша



Конституциялық принциптер


КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕР

Сот төрелігін тек соттың жүзеге асыруы




Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмаушылық

судялардың тәуелсіздігі




меншікке қол сұғылмаушылық

сот актілерінің міндеттілігі



заң мен сот алдындағы теңдік


әркімнің құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сотта қорғау



жеке адамның ар-намысымен, қадір-қасиетін құрметтеу


САЛАЛЫҚ ЗАҢДАРМЕН БЕКІТІЛГЕН ПРИНЦИПТЕР

Заңдылық




сотта істі қараудың жариялылығы

диспозитивтік




сотта іс қараудың ауызшалылығы және
тікелейлігі

тараптардың жарыспалылығы және іс
жүргізушілік теңдігі



білікті заң көмегін алуға құқықты
қамтамасыз ету

дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша
бағалау



сотта қарау барысында қауіпсіздікті
қамтамасыз ету

Жалпы құқықтық заңдылық принципінің азаматтық іс жүргізуде жүзеге асырылуы - сот істерді азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шешу кезінде ҚР Конституциясының, ҚР АПК-нің, басқа да нормативтік құқықтық актілердің талаптарын дәлме-дәл сақтауға міндетті.



Материалдық құқық нормаларының бұзылуы немесе дұрыс қолданылмауы



Іс жүргізу құқығы нормаларының бұзылуы және дұрыс қолданылмауы

Материалдық құқық нормаларының бұзылуы немесе дұрыс қолданылмауы

Іс жүргізу құқығы нормаларының бұзылуы және дұрыс қолданылмауы

Қолданылуға тиісті заң қолданылмаса;

Егер істі қарауға құқығы жоқ сот қараса;

қолданылмауға тиісті заң қолданылса;

істі қарау кезінде сот іс жүргізу тілі туралы ережені бұзса;

заң дұрыс түсіндірілмесе;

істе сот отырысының хаттамасы болмаса;

заң ұқсастығы немесе құқық ұқсастығы дұрыс қолданылмаса

істе әрбір жеке іс жүргізу әрекеті туралы хаттама болмаса.

Азаматтық іс жүргізушілік құқықтық қатынастар – азаматтық іс жүргізу құқығы нормаларымен реттелген, сот пен басқа да қатысушылардың арасындағы іс жүргізушілік әрекеттерді атқару барысында пайда болған қатынастар.

Құқықтық қатынастардың субъектілері

Сот

іске қатысушы тұлғалар

басқа да іске қатысушы тұлғалар

Құқықтық қатынастардың объектілері-
әрекеттердің неге бағытталғандығы

Азаматтық іс жүргізушілік құқықтық қатынастардың жалпы объектісі - нақты азаматтық іс бойынша пайда болған материалдық-құқықтық дау

Арнайы объектісі - әр жеке құқықтық қатынас, сондай-ақ оның топтары (мысалы, сот-тараптар, сот-сот өкілдері).

Азаматтық іс жүргізушілік құқықтық қатынастардың ерекшеліктері

билікті сипатта орын алады – сот билік органы ретінде қатысады, сондықтан оның өкімдік әрекеттері азаматтық іс жүргізудің барлық қатысушылары үшін сөзсіз міндетті;

құқыққолдану сипатында орын алады – өйткені, негізгі қызметі материалдық және процессуалдық құқық нормаларын қолдану;

сот міндетті субъектісі.
Соттың қызметінсіз азаматтық іс жүргізушілік құқықтық қатынас туындауы мүмкін емес;

Азаматтық іс жүргізушілік құқықтық қатынастардың ерекшеліктері

көпсубъектілігі – соттан басқа да азаматтық іс жүргізудің субъектілері қатысады

динамикалылығы – іс жүргізу заңында көзделген тәртіпке сай, бір іс жүргізушілік әрекеттің келесі әрекетпен бірізді ауысуы).

Тек құқықтық негізде орын алады - бұл материалдық-құқықтық қатынастардан негізгі айырмашылығы.

Мысалы, отбасы құқыққатынасы құқықтық реттеуден тәуелсіз пайда болады, құқық бұл салаға отбасы құқыққатынасының мәнді және маңызды мәселелері туындаған жағдайда араласады.

Азаматтық іс жүргізушілік құқықтық қатынастарының пайда болу алғышарттары

Азаматтық іс жүргізушілік құқық нормаларының болуы – іс жүргізудің барлық қатысушыларының әрекеттерін анықтайтын ережелер. Бұл ережелер іс жүргізудің барлық қатысушыларына міндетті.

Әрекеті заңды факт тудыратын негізгі субъект — сот. Соттың әрекетінсіз бірде-бір істе жүргізушілік қатынас туындауы мүмкін емес.

«Заңи құрамның болуы» - заңды фактілердің тобы, яғни іс жүргізу заңымен бекітілген соттың және басқа іске қатысушылардың әрекеттері.

Іске қатысушы тұлғалардың әрекеттері заңды факт тудыратын тағы бір элемент.

Құқықтық қатынасқа қатысушылардың құқықтық субъектілігі – іс жүргізушілік құқықтық қатынастың субъектілерінің белгілі құқықтық мәртебесінің болуы қажеттігін білдіреді.




Азаматтық іс жүргізу құқықтары мен міндеттеріне ие болу қабілеттілігі материалдық құқық субъектілері болып табылатын барлық азаматтар мен ұйымдар үшін бірдей дәрежеде болады




Азаматтық іс жүргізу әрекет қабілеттілігі – сотта құқықтарын өз іс -әрекеттерімен жүзеге асыру және міндеттерін орындау, іс жүргізуді сот өкілдеріне тапсыру қабілеттілігі (азаматтық іс жүргізу әрекет қабілеттілігі) он сегіз жасқа толған азаматтарда және ұйымдарда толық көлемде болады

Азаматтық іс жүргізушілік құқықтық қатынастың субъектілері



Сот - азаматтық іс жүргізушілік құқықтың субъектілерінің ішінде негізгі рөлге ие. Өйткені, сот біріншіден, іс жүргізушілік құқықтық қатынастың қатысушысы, екіншіден, осы істі қарауға байланысты пайда болған барлық мәселелерді шешу құқығы мен билігіне ие орган.



Іске қатысушы тұлғалар - (құрамы ҚР АПК –нің 46-бабымен анықталады) Ерекшелігі: істің ақырына заңи мүдделілік танытады.

ІСКЕ ҚАТЫСУШЫ ТҰЛҒАЛАР

Тараптар (талап қоюшы және жауапкер);

ерекше іс жүргізу тәртібімен қарайтын істер бойынша
мәлімдеушілер мен мүдделі тұлғалар.

үшінші тұлғалар – басталып кеткен іс жүргізуге өз
субъективтік құқығын қорғау үшін қатысушы (тартылған)
тұлға;

прокурор, мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі
басқару органдары немесе басқа тұлғалардың
құқықтарын, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерін
қорғау үшін сотқа жүгінуші ұйымдар мен жекелеген
азаматтар;

*Бұл тұлғалардың іс жүргізушілік
ерекшеліктері - сотқа басқа
тұлғалардың мүдделерін қорғау
мақсатында (немесе қорытынды
беру үшін) қатысады.*

ІСКЕ ҚАТЫСУШЫ БАСҚА ДА ТҰЛҒАЛАР

Ерекшеліктері: істің ақырына заңи мүдделілік танытпайды.

Қуәлар;

мамандар;

сарапшылар;

аудармашылар.

ТАРАПТАР

Талап қоюшы – бұзылған немесе дауланған құқығын және мүддесін қорғату мақсатында азаматтық іс қозғатушы тұлға.

Жауапкер - өздеріне қуыным талабы қойылған тұлғалар.



СУБЪЕКТІЛЕРІ

Азаматтар;

ұйымдар;

заңды тұлғалар

мемлекет.

ТАРАПТАРДЫҢ ІС ЖҮРГІЗУШІЛІК ҚҰҚЫҚТАРЫ



Жалпы – барлық іске қатысушы тұлғаларға тән.



Арнайы – бұл заңмен талап қоюшы мен жауапкерге берілген құқықтары.

Тараптардың іс жүргізушілік міндеттері



Жалпы – тараптар өздеріне берілген барлық іс жүргізушілік құқықтарды адал пайдалануға, сот мәжілісі залында белгіленген тәртіпті сақтауға, сот төрағасының өкіміне сөзсіз бағынуға, сотқа құрметпен қарауға міндетті.



Арнайы – сот ісін жүргізудің сатыларына және жекелеген нақты іс жүргізушілік әрекеттерге байланысты. Мысалы, талап арызын құрастырған кезде талап қоюшы заңда көзделген барлық реквизиттерін көрсетуге міндетті. Әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасаған мән-жайларды дәлелдеуі тиіс және т.б.

Іс жүргізуге тең қатысу – азаматтық іс жүргізуге талап қоюшы немесе жауапкер, сол сияқты екі тарап жағынан да бірнеше тұлғаның бір уақытта қатысуы

Тең қатысудың іс жүргізушілік - құқықтық мәні

Белсенді тең қатысу – талап қоюшы жағынан бір уақытта бірнеше тұлғаның қатысуы;

бәсең тең қатысу – жауапкер жағынан бір уақытта бірнеше тұлғаның қатысуы;

аралас тең қатысу - бір уақытта талап қоюшы жағынан да, жауапкер жағынан да бірнеше тұлғаның қатысуы.



Тең қатысудың материалдық құқықтық мәні

Міндетті – барлық тең қатысушылардың іс жүргізуге қатысуын міндеттейді. Негізі: жалпы талап немесе жалпы міндет;

факультативті – барлық тең қатысушылардың іс жүргізуге қатысуын міндеттемейді. Негізі: Бірыңғай ұқсас талаптар немесе ұқсас міндеттер.

ПРОКУРОРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУГЕ ҚАТЫСУЫ

НЕГІЗДЕРІ

Заңда тікелей көзделгенде;

сот бастамасымен;

өз бастамасымен.

НЫСАНДАРЫ

Тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау мақсатында сотқа талап қою арқылы;

өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында іс бойынша қорытынды беру арқылы.

ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Іс жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін иеленеді (бітімгершілік келісім бекіту, істі аралық соттың қарауына беруді сұраудан басқа).

Сотта өкілдік ету – бір тұлғаның басқа тұлғаның атынан және оның мүддесін көздей отырып, іс жүргізушілік әрекеттер атқаруы



Міндеттері

Тарапты сот ісін жүргізуге қатысудан босату;

сауатты және білікті заң көмегін қамтамасыз ету;



Ерекшеліктері

Іс жүргізуді тапсырған тұлға сенім білдіруші немесе өкілеттілік өткеруші деп аталады;

басқа тұлғаның мүддесін қорғау тапсырылған тұлға сот өкілі немесе сенімге кіруші деп аталады

СОТТАҒЫ ӨКІЛДІК ТҮРЛЕРІ

шартты

тек тараптардың келісімінің негізінде пайда болады. Мысалы, мекеменің заңгері немесе басқа да қызметкерлері үшін соттағы өкілдіктің пайда болуы еңбек шартына негізделеді. Ал, адвокаттар үшін тапсырыс шарты сотта өкілдік атқаруға негіз болады.

заңды

заңда тікелей көзделген жағдайда. Өкілдіктің бұл түрі әрекетке қабілетсіз азаматтардың, әрекет қабілетіне толық ие емес немесе әрекетке қабілеті шектеулі, әрекет қабілеттілігінен айырылған тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сотта өздерінің өкілеттіліктерін куәландыратын құжаттарды көрсету арқылы жүзеге асырылады.

СОТТАҒЫ ӨКІЛДІК ТҮРЛЕРІ

Қоғамдық

ұйымдар мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау

Кәсіптікодақ органдарының уәкілетті өкілдері

жарғылық

жарғыда көрсетілген жоғарғы органның арнайы тапсырысты қажет етпей өзінен төмен тұрған мекеменің мүдделерін қорғауы

Жарғыда немесе ережеде көрсетілген уәкілетті тұлғалар

СОТТАҒЫ ӨКІЛ БОЛА АЛМАЙДЫ

Соттар, тергеушілер, прокурорлар және өкілді органдардың депутаттары

сот, прокурор, сарапшы, маман, аудармашы, куә немесе айғақшы ретінде бұрын осы іс бойынша қатысса;

адвокатура туралы заңмен белгіленген ережелерді бұза отырып, заң көмегін көрсету туралы тапсырма алған адвокатта

істі қараушы лауазымды тұлғамен туыстық қатынаста болса.

егер мүдделері өзі өкіл болып отырған тұлғаның мүдделеріне қайшы келетін тұлғаға осы іс бойынша заң көмегін көрсетсе, немесе бұрын көрсеткен болса;

ӨКІЛДІҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІНІҢ КӨЛЕМІ

жалпы

іске қатысушы тұлғаларға ҚР АПК-нің 60-бабымен берілген іс жүргізушілік әрекеттерін сенім хатта көрсетілмесе де жүзеге асырады

арнайы

сенім хатта арнайы көрсетілуі тиіс (талаптың негіздемесін немесе нысанасын өзгерту, талаптың мөлшерін ұлғайту немесе азайту, талаптан бас тарту, талапты тану, бітімгершілік келісім бекіту, өкілеттікті басқа тұлғаға өткізу, сот шешімін шағымдау)

заңды

азаматтық сот ісін жүргізуге қатысқанда материалдық құқықпен белгіленген шектеулерді сақтауға міндетті.

ӨКІЛЕТТІГІН РӘСІМДЕЙТІН ҚҰЖАТ

Заңды өкілдер үшін

Ата-аналар

қамқоршылар

қорғаншылар

Шартты өкілдер үшін

Адвокаттар

заңды тұлғалардың қызметкерлері

тең қатысушылардың тапсырмасы бойынша қатысқан тең қатысушылардың біреуі –

іске қатысушының өтінімімен сот рұқсат еткен тұлға

ІС ЖҮРГІЗУ МЕРЗІМДЕРІ

сот ісін жүргізудің субъектілеріне атқарылуы тиіс іс жүргізушілік әрекеттерді жүзеге асыруға берілген заңмен белгіленген немесе сот тағайындаған уақыт аралығы

заңмен белгіленген

сотқа да, іске қатысушы тұлғаларға да міндетті, өзгертілуі мүмкін емес

сот тағайындаған

іске қатысушы тұлғалар үшін (қажет болған жағдайда сот өзгерте алады).

ІС ЖҮРГІЗУ МЕРЗІМДЕРІН ҰЗАРТУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Заңмен белгіленген мерзімдерді, егер ол сот дәлелдеді деп таныған себептермен өткізіліп алынса, сот қалпына келтіре алады (ҚР АПК-нің 124 бабы)

Сот тағайындаған мерзімдерді іске қатысушы тұлғалардың өтінімінің негізінде сот ұзарта алады (ҚР АПК-нің 126 бабы)

ІС ЖҮРГІЗУ МЕРЗІМДЕРІ

сот ісін жүргізудің субъектілеріне атқарылуы тиіс іс жүргізушілік әрекеттерді жүзеге асыруға берілген заңмен белгіленген немесе сот тағайындаған уақыт аралығы

Іс жүргізу мерзімін өткізіп алу

іс жүргізу әрекеттерін атқару құқығы заңда белгіленген немесе сот тағайындаған мерзімнің аяқталуымен жойылады

Іс жүргізу мерзімдерін тоқтата тұру-

барлық аяқталмаған іс жүргізу мерзімдері іс жүргізуді тоқтата тұрумен тоқтатыла тұрады.

ІСТІ СОТТА ҚАРАУҒА ӘЗІРЛЕУ МЕРЗІМДЕРІ

азаматтық істерді сотта қарауға әзірлеу, егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, арыз қабылданған күннен бастап, жеті күндік мерзімнен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс.

Соттың дәлелді ұйғарымы бойынша істі сотта қарауға әзірлеу мерзімі бір айға дейін ұзартылуы мүмкін істер

Айрықша күрделі істер бойынша ерекше жағдайларда;

асыраушысынан айырылуына байланысты

еңбек қатынастарынан туындайтын талаптарға байланысты

Сотта қарауға әзірлеу мерзімі ұзартылуы мүмкін емес істер

Алимент өндіріп алу туралы

мертігуден немесе денсаулықтың өзге де зақымдануынан келтірілген зиянды өтеу туралы.

СОТТЫҢ БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯСЫНДА ІС ҚАРАУ МЕРЗІМДЕРІ

ЖАЛПЫ МЕРЗІМ

азаматтық істер істі сотта қарауға әзірлеу аяқталған күннен бастап, екі айға дейінгі мерзімде қаралып шешіледі

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН МЕРЗІМ

Жұмысқа қайта қабылдау туралы;

алимент өндіру туралы;

мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының лауазымды тұлғаларының, мемлекеттік қызметшілерінің шешімдерін, әрекеттерін (әрекетсіздігін) даулау туралы

ІС ЖҮРГІЗУ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ ТАҒАЙЫНДАЛАТЫН МЕРЗІМДЕР

Заңмен белгіленген

Қосымша шешім шығару туралы

сот отырысының хаттамасына ескертпе беру туралы

сот актілеріне апелляциялық шағым беру, наразылық келтіру туралы

заңды күшіне енген сот актілеріне қадағалау тәртібімен шағым жасау, наразылық келтіру

Сот тағайындаған (құқығы бар)

Сот шығындарын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу туралы;

талап арыздың кемшіліктерін жою туралы

істі қарауды кейінге қалдыру туралы

шешімді дереу орындау мерзімі.

ІС ЖҮРГІЗУ МЕРЗІМДЕРІН ЕСЕПТЕУ

іс жүргізу әрекеттері заңда белгіленген мерзімдерде атқарылады, егер заңда белгіленбесе, оны сот тағайындайды. Іс жүргізу әрекеттерін атқаруға арналған мерзімдер сөзсіз болуға тиіс.

Уақыт кезеңімен белгіленетін мерзімдердің есептелуі және аяқталуы

Іс жүргізу әрекетін атқару орны бойынша мерзімнің аяқталуы

Атқарылуына мерзім белгіленген іс жүргізу әрекеті бойынша мерзімнің аяқталуы

Уақыт кезеңімен белгіленетін мерзімдердің есептелуі және аяқталуы



соңғы жылының тиісті айында және күнінде бітеді

айлармен есептелетін мерзім сол айдың соңғы тиісті күнінде бітеді.

күндермен есептелетін мерзім белгіленген кезеңнің соңғы күні бітеді

Іс жүргізу әрекетін атқару орны бойынша мерзімнің аяқталуы



Сотта атқарылатын әрекеттің соңғы мерзімі жұмыс уақыты біткен сағатпен аяқталады

ұйымдарда атқарылатын әрекеттің соңғы мерзімі тиісті операциялар тоқтатылатын сағатта аяқталады

Атқарылуына мерзім белгіленген іс жүргізу әрекеті бойынша мерзімнің аяқталуы



соңғы күнінің жиырма төрт сағатына дейін атқарылуы тиіс

мерзімнің соңғы күнінің жиырма төрт сағатына дейін поштаға, телеграфқа немесе байланыстың өзге құралдары бойынша жіберілуі тиіс

АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІҢ ВЕДОМСТВОЛЫҚ БАҒЫНЫСТЫЛЫҒЫ

құқық туралы дауды немесе басқа да заңи істерді қарауды белгілі органның құзыретіне жатқызу.

**Ведомстволық бағыныстылықтың
түрлері**

**Айрықша ведомстволық
бағыныстылық**

**Көптік ведомстволық
бағыныстылық –**

ВЕДОМСТВОЛЫҚ БАҒЫНЫСТЫЛЫҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ

Айрықша ведомстволық бағыныстылық



істі қарап, шешу бір органға бағынысты (мысалы, ата-аналық құқығынан айыру туралы істер тек сотта қаралады).

Көптік ведомстволық бағыныстылық



Шарттық ведомстволық бағыныстылық

императивті ведомстволық бағыныстылық

шартты ведомстволық бағыныстылық

баламалы ведомстволық бағыныстылық

ІСТЕРДІҢ ВЕДОМСТВОЛЫҚ БАҒЫНЫСТЫЛЫҒЫН АЙЫРУ ӨЛШЕМДЕРІ

Даулы құқықтық қатынастың
сипаты

Дауға қатысушылардың
субъективтік құрамы

Құқықтың даулы немесе даусыз

Дау тараптарының арасында
шарт болуына

Басқа да өлшемдердің болуы

ІСТЕРДІҢ ВЕДОМСТВОЛЫҚ БАҒЫНЫСТЫЛЫҒЫН АЙЫРУ ӨЛШЕМДЕРІ



Сотқа ведомстволық бағыныстылығының басымдылығы



біреулері сотқа, ал басқалары соттық емес органдарға
ведомстволық бағынысты, өзара байланысты бірнеше
талаптар біріктірілген кезде барлық талаптар сотта
қаралады

СОТТЫЛЫҚ

азаматтық істерді қарауды соттар жүйесіндегі белгілі бір соттың өкілеттілігіне жатқызу

Топтық соттылық

азаматтық істі соттың қай деңгейі қарауы тиіс екенін анықтайды.

Аумақтық соттылық

жауапкердің тұрғылықты жері немесе орналасқан жері бойынша анықталады

СОТ ШЫҒЫНДАРЫ



МЕМЛЕКЕТТІК БАЖ

Жай баж

Пропорционалды баж

нақты сомамен есептелінеді (талаптың құнына сәйкес)

талап қойған кездегі айлық есептік көрсеткішке сәйкес есептелінеді

ІС БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ШЫҒЫНДАР



Куәгерлерге, сарапшыларға және мамандарға төленуге тиісті сомалар;

дәлелдемені тұрған жерінде қарау жүргізілуге байланысты шығындар;

заттай дәлелдемелерді сақтауға байланысты шығындар;

жауапкерді іздестіру жөніндегі шығындар;



тараптарға хабарлау және оларды сотқа шақыру жөніндегі шығындар;

іс бойынша жарияланымдар мен хабарландыруларға байланысты шығындар;

өкілдердің көмегіне ақы төлеу жөніндегі шығындар;

сот қажет деп таныған өзге де шығандар жатады.

ТАЛАП ҚОЮ БАҒАСЫ

Ақша қаражатын өндіріп алу туралы талаптан

мүлікті талап ету туралы талаптан

алимент өндіру туралы талаптан

мерзімді төлемдермен оларды беру туралы талаптан

мерзімсіз және өмір бойы төлемдер мен берулер туралы талаптардан

төлемдерді немесе берулерді азайту, я көбейту туралы талаптан

төлемдер мен берулерді тоқтату туралы талаптан

мүлікті жалдау (жалға алу) шартын мерзімнен бұзу туралы талаптан

СОТТА ДӘЛЕЛДЕУ

Дәлелдеу нысанасы

Сот дәлелдемелері

Сотта дәлелдеу

Сот және іске қатысушы тұлғалармен анықталатын және іс жүргізу барысында әртүрлі себептерге сәйкес өзгеруі мүмкін

Дәлелдеу нысанасына дәлелдеуден босатылған деректер қосылмауы тиіс.

ДӘЛЕЛДЕУДЕН БОСАТЫЛҒАН МӘН-ЖАЙЛАР

Жалпыға белгілі

көпшілікке белгілі мән-жайлар,
мысалы, тарихи деректер

Преюдициалды

соттың бұрын қаралған азаматтық іс бойынша заңды күшіне енген шешімі мен белгіленген мән-жайлар сот үшін міндетті және сол тұлғалар қатысатын басқа азаматтық істерді қарау кезінде қайтадан дәлелденбейді

ПРЕЮДИЦИЯ

(латын сөзі praejudicio-алдын ала шешімі бар)- кейіннен шығарылатын сот шешімі тәуелді болатын мәселені құқыққа сәйкес алдын ала шешу



Преюдициалдықты шектеу

Заңды күшіне енген үкім немесе шешіммен бекітілген мән-жайлар преюдициалдыққа айналады

заңды күшіне енген үкім немесе шешімнің преюдициалдық күшінің мәні іске қатысқан тұлғалар

сот үкімімен немесе шешімімен белгіленген барлық мән-жайлар преюдициалды болмауы мүмкін.

ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР

Дәлелдеу құралдары

Тараптардың және үшінші тұлғалардың түсініктемелері

жазбаша және заттай дәлелдемелер

куәнің айғақтары

сарапшылардың қорытындылары

НАҚТЫ ДЕРЕКТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ

Сотқа қажетті деректер жайлы мәліметтер

Бұл нақты деректердің қайнар көздері немесе тасымалдаушылары (дәлелдеу қайнар көздері) осы мән-жайлар туралы мәліметтері бар тұлғалар немесе белгілі бір ықпал етудің іздерін өзінде сақтап қалған затта

Дәлелдемелік деректер-

әдеттегі тәртіппен анықталған, кейіннен сот дәлелдеу нысанасының бар екендігін дәлелдейтін заңды деректер

ДӘЛЕЛДЕМЕ РЕТІНДЕ ЖОЛ БЕРУГЕ БОЛМАЙТЫН НАҚТЫ ДЕРЕКТЕР

Күш қолдану, қорқыту, алдау, сол сияқты өзге де заңсыз іс-әрекеттерді қолдана отырып алынған

нақты азаматтық іс бойынша іс жүргізу әрекеттерін атқаруға құқығы жоқ тұлғаның әрекеттеріне байланысты алынған

н іске қатысушы тұлғалардың өз құқықтары мен міндеттеріне қатысты жаңылуын пайдалана отырып алынған

іс жүргізу әрекеттерінің тәртібін айтарлықтай бұза отырып алынған

белгісіз қайнар көзден немесе сот отырысында анықталуы мүмкін емес қайнар-көзден алынған

дәлелдеу барысында қазіргі ғылыми білімге қайшы келетін әдістерді қолдана отырып алынған

СОТ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРІН ЖІКТЕУ

Алыну қайнар көзі бойынша

жсеке

заттай

қайнар көздері адамдар
болып табылады

қайнар көздері материалдық
құндылықтардан алынады

СОТ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРІН ЖІКТЕУ

Қалыптасу әдісі бойынша

Алғашқы

яғни бірінші қайнар көздерден алынған;

Өндірмелі

яғни «екінші қолдардан» алынған дәлелдемелер

СОТ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРІН ЖІКТЕУ

Қорытындылау сипаты бойынша

Тікелей

олардан (нақты шарттар болғанда) дәлелдемелік деректердің бар болуы (немесе жоқ болуы) туралы нақты қорытынды жасау мүмкін болатын дәлелдемелер

Жанама

олардан (шындыққа сәйкес шарттар болғанда) дәлелдемелік деректердің бар болуы туралы болжамалы қорытынды жасау мүмкін болатын дәлелдемелер

СОТТА ДӘЛЕЛДЕУ

сотпен іске қатысушы тұлғалардың іс бойынша мән-жайларды анықтау мақсатындағы қызметі.

субъектілері

Іске қатысушы тұлғалар (тараптар, үшінші тұлғалар, арыз берушілер, мүдделі тұлғалар) дәлелдеме жинау және зерттеуге белсене қатысады.

міндеттері

Дәлелдемелерді айқындау, жинау, кейбір жағдайларды бекіту; сотқа бірқатар құқықтар берілсе де, бұл міндет негізінен іске қатысушы тұлғаларға жүктелген

ДӘЛЕЛДЕУДІҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қатыстылығы

ережесі бойынша, егер дәлелдеме үшін маңызды мән- жайлардың бар екендігі туралы Тұжырымдарды растайтын, теріске шығаратын, не оларға күмән келтіретін нақты деректер болса, сот дәлелдемені іске қатысты деп таниды

Дәлелдемелерге жол беру

Заң бойынша белгілі Бір дәлелдемелермен расталуға тиіс істің мән- жайлары ешқандай басқа дәлелдемелермен расталмайды

Дәлелдеу міндеті

әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарын негіздейтін мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ АЙҚЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҚҰРАЛДАРЫ

Сот тапсырмалары



дәлелдемелер жинау қажеттігі туралы өтінімін қанағаттандырған жағдайда тиісті сотқа белгілі бір іс жүргізу әрекетін атқаруға тапсырма береді

дәлелдемелерді қамтамасыз ету



іске қатысушы тұлғалар соттан осы дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы сұрай алады

дәлелдемелерді сұратып алу



тараптар мен іске қатысушы тұлғаларға дәлелдемелерді ұсыну қиындық келтірген жағдайда, сот олардың өтінімі бойынша дәлелдемелерді сұратып алдыруға көмектеседі

ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ЗЕРТТЕУ ҚҰРАЛДАРЫ



Сот тараптардың және үшінші тұлғалардың түсініктемелерін тыңдайды



сотқа ұсынылуы қиын немесе жеткізуге болмайтын құжаттар мен заттай дәлелдемелер олар орналасқан жерде қаралады

куәлар арасында беттестіру жүргізеді

Жазбаша дәлелдемелерді маманға және куәларға көрсетіледі

Заттай дәлелдемелерді мамандарға және куәларға көрсетіледі

ЗАҢМЕН ТАНЫЛАТЫН ДӘЛЕЛДЕУ ҚҰРАЛДАРЫ



куәнің айғақтары;



сарапшының қорытындысы.

Тараптар және заңды тұлғаның
түсініктемелері;

заттай дәлелдемелер;

жазбаша дәлелдемелер;

ТАЛАПТЫ ТАҢУ

тараптың талабын немесе қарсылығын негіздейтін деректерді екінші тараптың мойындауы ол тарапты осы деректерді одан әрі дәлелдеу қажеттілігінен босатады.

Талапты тану

соттан тыс
тану

Қарапайым тану

деректі тану.

құқықтық
қатынасты
тану;


Сотта тану

Білікті тану


КУӘ РЕТІНДЕ ЖАУАП АЛУҒА ЖАТПАЙТЫН ТҰЛҒАЛАР



айғақ
беруге қабілетсіз
тұлғалар;



сот өкілдері
немесе қорғаушылар;



судья;

аралық судья немесе
төреші;

дін қызметшілері

басқа да адамдар

ЖАЗБАША ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР

іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді қамтитын актілер, құжаттар, іскерлік немесе жеке сипаттағы хаттар

Актілер

іскерлік сипаттағы хаттар

әртүрлі ақпараттарды
техникалық
тасымалдаушылар

құжаттар

жеке сипаттағы хаттар
(переписка)

дыбыс немесе бейне
жазбалары.

ЖАЗБАША ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАРАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сотқа әкелу мүмкін емес заттар тұрған жерінде сақталады.

тез бүлінетін заттай дәлелдемелерді сот дереу қарап, зерттеп иесіне қайтарады.

қажет болған жағдайда суретке түсіріп, оны мөрмен бекітеді.

Заң бойынша азаматтардың иелігінде бола алмайтын заттар тиісті ұйымдарға беріледі .

САРАПТАМА ТҮРЛЕРІ


жеке

кешенді

қосымша

комиссиялық

қайталама



БҰЙРЫҚ АРҚЫЛЫ ІС ЖҮРГІЗУ

Шарттары

Даусыз талаптар бойынша жүргізіледі

өндіріп алушы мен борышкер түсіндірмелерін тыңдау үшін шақырылмайды.

Ерекшеліктері

сот бұйрығы үш күн ішінде шығарылады

сот бұйрығының **атқарушылық құжат** күші болады;

сот бұйрығына **қарсылық** түссе, оның күшін жою туралы **ұйғарым** сол сотта шығарылады;

ТАЛАП ҚОЮ БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ

маңызы

Сотқа талап арызын беру арқылы қозғалады;

азаматтық іс жүргізу құқығының нормалары жүйесімен реттелген;

мақсаты

оларды тану;

құқық қатынасты тоқтату немесе өзгерту;

міндеттемелерді табиғи түрінде орындауды жүктеу;

ТАЛАПТЫҢ ТҮРЛЕРІ

Тану талабы (анықтау)

Талап қоюшының сотқа жүгіну мақсаты- жауапкер екеуі арасында даулы материалдық құқыққатынастың бар, я жоқ екендігі туралы деректі анықтау.

Тағайындау талабы (орындату)

Талап қоюшының сотқа жүгіну мақсаты - өзінің субъективтік құқығының бар екендігі туралы деректерді танытып қоймай, жауапкерді материалдық-құқықтық міндеттерін орындауға мәжбүрлеу.

Қайта құру талабы (конституциялық)

Бұл талаптың бар екендігі дискуссия тудырады. Қайта құру талабын қараудың нәтижесінде сот даулы құқыққатынасты өзгертеді немесе тоқтатады.

ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

Материалдық-құқықтық мәні

талап қоюшының жауапкерге материалдық-құқықтық талабын мәжбүрлеп жүзеге асыру құқығы;

Іс жүргізушілік мәні:

талап қою құқығы - сотқа қорғау үшін жүгіну құқығы. Бұл ҚР Конституциясында бекітілген, сотта қорғану құқығының бір нысаны

алғышарттары

талап қоюшының талаппен сотқа жүгіне алу немесе алмауына мүмкіндік беретін шарттар

ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Жазымды

егер заң іс жүргізушілік мәндегі талапқа құқықтылықтың пайда болуын ОНЫҢ бар екендігімен байланыстырып тұрса

жалпы

арнайы

Жазымсыз

егер заң іс жүргізушілік мәндегі талапқа құқықтылықтың пайда болуын ОНЫҢ жоқ екендігімен байланыстырып тұрса

ҚАРСЫ ТАЛАП

бір сот отырысында алғашқы талаппен бірге қарау үшін жауапкердің талап қоюшыға дербес талабы

Ерекшеліктері

қарсы және алғашқы талаптардың арасында өзара байланыс болса және оларды бірге қарау дауларды тез және дұрыс шешуге мүмкіндік берсе.

Қарсы талапты қанағаттандыру алғашқы талапты толық немесе қанағаттандыру бөлігінде болдырмаса;

шарттары

Қарсы талап сот шешім шығарғанға дейін істі қараудың кез келген бөлігінде берілуі мүмкін;

қарсы талапты сотқа беру алғашқы талап қоюдың жалпы ережелері бойынша іске асырылады;

ТАЛАПТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШАРАЛАРЫ

мүлікті тыйым салудан босату туралы талап қойылған жағдайда мүлікті өткізуді тоқтата тұру;

жауапкерге белгілі бір әрекеттерді атқаруға тыйым салу;

борышкер сотта даулаған атқарушылық құжат бойынша өндіріп алуды тоқтата тұру.

басқа тұлғалардың мүлікті жауапкерге беруіне немесе оған қатысты өзге де міндеттемелерді орындауына тыйым салу

АЗАМАТТЫҚ ІСТІ ҚОЗҒАУ

іс жүргізушілік әрекеттер жүйесіндегі
алғашқы және өте маңызды буын

міндеттері

Істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-
жайларды айқындау

іске қатысатын тұлғалардың құрамы мен
іс жүргізудің басқа да
қатысушылары туралы мәселені шешу

тараптардың құқықтық қатынастарын
және басшылыққа алынуға тиісті
заңды анықтау

әр тарап ұсынуы тиіс дәлелдемелерді
анықтау

Талап сотқа талап арыз беру арқылы қойылады

Талап арыз сотқа жазбаша нысанда беріледі. Бұл нысан сотқа шағым, арыз беруде де сақталады

мемлекеттік баж төленгені туралы құжат тіркеледі;

сот өкілінің өкілеттігін білдіретін сенім хат немесе басқа да құжат тіркеледі

Талап қою тәртібін сақтамаудың салдары

Талап арызды қайтарады

Талап арызды қозғалыссыз қалдырады


Арызды қабылдау кезіндегі соттың міндеттері

Сот арыз берушінің іс жүргізушілік әрекет қабілеттілігін тексеруі тиіс;

ұқсас талаптың болмауын тексереді;

істің соттылығын тексереді

ТАЛАП АРЫЗДЫҢ МАЗМҰНЫ



ТАЛАП ҚОЮДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛДАРЫ

Материалдық-құқықтық

Ескіру мерзімінің үзілуі;

талап қойылған уақыттан бастап алимент өндіру;

мүлікті қайтару туралы талап қойылған уақыттан бастап мүлік иесіне мүлікке байланысты түскен барлық табыстарды қайтару;

Іс жүргізушілік құқықтық

Нақты азаматтық іс бойынша іс жүргізудің басталуы;

баламалы соттылық бойынша мүдделі тұлғаның істі қарау орнын таңдау құқығынан айрылуы және шарттық соттылық бойынша тараптардың істі қарау орнын таңдау құқығынан айрылуы.

АЗАМАТТЫҚ ІСТІ СОТТА ҚАРАУҒА ӘЗІРЛЕУ

Арызды қабылдап, азаматтық істі қозғағаннан кейін сот **уақтылы және дұрыс** шешуді қамтамасыз ету **мақсатында** істі сотта **қарауға әзірлейді**

міндеттері

Істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды айқындау;

тараптардың құқықтық қатынастарын және басшылыққа алынуға тиісті заңды анықтау;

іске қатысушы тұлғалардың құрамы мен процестің басқа да қатысушылары туралы мәселені шешу;

әрбір тарап өз пайымдауларын негіздеу үшін ұсынуға тиіс дәлелдемелерді анықтау.

СОТҚА ШАҚЫРУ ҚАҒАЗЫН ТАПСЫРУ ТӘРТІБІ

Хабарлаулар мен шақырулар сотқа уақтылы келуіне жеткілікті мерзім болуы есептеле отырып жолданады;

сотқа шақыру тарап немесе басқа да іске қатысушы тұлға көрсеткен мекен-жай бойынша жолданады;

сотқа шақыру қағазын жеткізу тапсырылған тұлға алғандығы жөнінде қолы қойылып, күні көрсетілген түбершікті сотқа қайтаруға міндетті;

Тапсырыстық хат;

телефонограмма;

жедел хат;

өзге де байланыс құралдары арқылы.

СОТТА ІСТІ ҚАРАУ

іс бойынша негізді және заңды шешім шығарылуы тиіс
азаматтық іс жүргізудің негізгі сатысы

Сотта іс қараудың бөліктері

дайындық бөлігі;

істі мәнісі бойынша қарау;

соттағы жарыссөз;

прокурордың қорытындысы;

шешім шығару және жариялау.

Сот төрағасының іс жүргізушілік әрекеттері

іс жүргізу әрекеттерін атқару тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді;

іс жүргізудің тәрбиелік ықпалын қамтамасыз етеді;

іске қатысы жоқ мәселелерді сот қарауынан алып тастайды;

СОТТА ІС ҚАРАУДЫҢ ДАЙЫНДЫҚ БӨЛГІНІҢ МАҚСАТЫ

Мақсаты

істі мәнісімен қарау мүмкіндігін анықтау

тәртібі

Істі қарау үшін белгіленген уақытта төрағалық етуші сот отырысын ашады және қандай азаматтық іс қаралуы тиіс екенін жариялайды

сот отырысының хатшысы шақырылғандардың келгендігі немесе келмегендігі, келмеу себептері туралы мәліметтерді баяндайды

төрағалық етуші келгендерді анықтап, лауазымды тұлғалар мен сот өкілдерінің өкілеттіліктерін тексереді

КУӘДАН ЖАУАП АЛУ

Әр куәдан жауап жеке алынады, әлі айғақ бермеген куәларға сот залында отыруға жол берілмейді.

Он алты жасқа толмаған куәға іс бойынша шынайы жауап беру ұсынылып, қылмыстық жауапкершілік жөнінде ескертілмейді

куәдан жауап алуды төрағалық етуші куәнің іске қатысушы тұлғаларға қатысын анықтаудан бастайды және іс бойынша өзіне белгілі мәліметтерді баяндауды ұсынады

егер сот отырысына тараптар қатысып отырса, істі қарау кейінге қалдырылған жағдайда төрағалық етуші келген куәлардан жауап алуға құқылы.

Он алты жасқа толмаған куә жауап алынып біткеннен кейін, егер төрағалық етуші оның сот отырысы залында болуы қажет деп таппаса, залдан шығарылады

дәлелдемені қамтамасыз ету, сот тапсырмасын беру немесе істі қарауды кейінге қалдыру тәртібімен алынып, сот хаттамасына тіркелген куәлардың жауаптарын төрағалық етуші сот отырысы залында жариялайды

ЖАЗБАША ЖӘНЕ ЗАТТАЙ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ЗЕРТТЕУ

жазбаша және заттай дәлелдемелерді орналасқан жерінде қарау тәртібімен алынған құжаттар мен оларды қарау хаттамаларын төрағалық етуші сот отырысы залында жария етеді

Келісім берілмеген жағдайда, бұл мәліметтер жабық сот отырысында жарияланып зерттеледі. Осыдан кейін іске қатысушы тұлғалар түсініктеме бере алады

заттай дәлелдемелерді бірінші кезекте төрағалық етуші қарайды, сонан соң іске қатысушы тұлғаларға, сот өкілдеріне, қажет болған жағдайларда сарапшыларға, мамандарға және куәларға көрсетіледі.

мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қорытындысы сот отырысында жария етіледі.

САРАПШЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ЗЕРТТЕУ.

Сарапшының қорытындысы сот отырысында жария етіледі. Қорытындыны түсіндіру және толықтыру мақсатында сарапшыға сұрақтар қойылуы мүмкін.

Бірінші сұрақ қою кезегі - өтінімі бойынша сараптама тағайындалған тұлға мен оның сот өкіліне беріледі.

арнайы ғылыми зерттеулер жүргізу қажет етілмейтін жағдайларда маман ауызша немесе жазбаша түсіндірме береді және бұл әрекет сот отырысының хаттамасына енгізіледі.

Төрағалық етуші маманға одан жауап алудың кез келген уақытында сұрақ қоя алады

ІСТІ МӘНІ БОЙЫНША ҚАРАУДЫ АЯҚТАУ.

Барлық дәлелдемелер қаралып, зерттеліп болғаннан кейін төрағалық етуші іске қатысушы тұлғалар мен олардың сот өкілдеріне іс материалдарын толықтыру мүмкіндіктері туралы түсіндіреді.

соттағы жарыссөз іске қатысушы тұлғалар мен олардың сот өкілдерінің сөздерінен тұрады.

соттағы жарыссөз аяқталғаннан кейін прокурор жалпы іс бойынша құқықтық қорытынды береді

соттағы жарыссөзде істі мәні бойынша қарау аяқталғанға дейін мәлімделмеген және сот отырысында зерттеліп, анықталмаған дәлелдемелерге сілтеме жасауға болмайды.

ШЕШІМ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАУ

Соттағы жарыссөзден, ал егер істі қарауға прокурор қатысса, ол іс бойынша қорытынды бергеннен кейін төрағалық етуші шешім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кететінін жариялайды

шешімге қол қойылғаннан кейін төрағалық етуші сот отырысы залына қайтып келіп, шешімді жариялайды

төрағалық етуші іске қатысушы тұлғалар мен сот өкілдеріне шешіммен танысу және көшірмесін алу мерзімін жариялауға міндетті

төрағалық етуші сот шешіміне шағымдану тәртібі мен мерзімдерін түсіндіреді

СОТ ХАТТАМАСЫ

бірінші сатыдағы соттың отырысы туралы,
сондай-ақ сот отырысынан тыс атқарылған әрбір іс жүргізу әрекеті
туралы толтырылады

Сот хаттамасын
толтыру тәртібі

Хаттаманы **сот**
отырысының хатшысы
толтырады.

Сот хаттамасы
қолмен жазылуы немесе
компьютерде басу әдісімен
жүргізілуі мүмкін.

Сот хаттамасына ескертпелер
беру және ескертпені қарау

Іске қатысушы тұлғалар мен
олардың сот өкілдері сот
хаттамасымен танысуға және
оған қол қойылғаннан кейін **бес**
күн ішінде хаттамада
жіберілген кемшіліктерді
көрсете отырып, оған жазбаша
түрде ескертпелер беруге
құқылы;

СОТТА ІС ҚАРАУДЫ УАҚЫТША ТОҚТАТУ

Ерекшеліктері

Шешім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кетер алдында жариялауға болмайды;

үзіліс аяқталғаннан кейін іс жүргізу басынан басталмайды, әрі қарай жалғасады;

үзіліс кезінде басқа істерді қарауға жол берілмейді.

Негіздері

Іске қатысушылардың біреуі келмеуіне байланысты

жауапкердің қарсы талап қоюына байланысты;

өзге де іс жүргізу әрекеттерін атқару қажеттігі туындағанда.

АЗАМАТТЫҚ ІСТІ ШЕШІМ ШЫҒАРМАЙ АЯҚТАУ

сот ұйғарым шығару арқылы жүзеге асырады.

Іс жүргізуді қысқарту-

сот ісін жүргізуге мүмкіндік бермейтін заңда көрсетілген негіздер бойынша орын алады

Іс азаматтық іс жүргізу тәртібімен қарауға жатпаса;

тараптар бітімгершілік келісімін жасап, сот оны бекітсе;

Арызды қараусыз қалдыру

арызды әрекет қабілеттілігі жоқ тұлға берсе;

арызға қол қою және оны сотқа беруге құқығы жоқ тұлға бұл әрекеттерді атқарса;

осы немесе басқа соттың өндірісінде ұқсас талап бойынша бұрын қозғалған іс болса;

СОТТЫҢ БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯСЫ ШЫҒАРАТЫН СОТ ҚАУЛЫЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ



Істі мәні бойынша
шешетін бірінші
сатыдағы сот қаулысы
шешім нысанында
шығарылады



Істі мәні бойынша
шешпейтін бірінші
сатыдағы сот қаулысы
ұйғарым түрінде
шығарылады



Сот бұйрығы - ақшалай
сомаларды немесе мүлікті
өндіріп алу үшін тараптарды
сотқа іс қарау үшін **шақырмай**
даусыз талаптар бойынша
шығарылатын сот қаулысы

СОТ ШЕШІМІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Заңда қойылған талаптар

Заңдылығы – материалдық құқық нормалары сәйкес, іс жүргізу құқығы нормалары дәл қолданылу арқылы шығарылған шешім заңды деп есептеледі.

Негізділігі – сот отырысында іс үшін маңызы бар мән-жайлар толық және жан-жақты зерттеліп

Басқа да талаптар

Толықтылығы – шешімде талап қоюшы қойған және сот қараған талаптар мен оған жарияланған барлық қарсылықтарға жауап болуы тиіс;

нақтылығы – шешімде талаптың қанағаттандырылғаны немесе қанағаттандырылмағаны, егер талап қанағаттандырылса-қандай құқықтар талап қоюшынікі деп танылғаны

СОТ ШЕШІМІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

кіріспе бөлігінде

Шешім шығарылған уақыт пен орын, шешім шығарған соттың атауы, соттың құрамы, сот отырысының хатшысы, сот приставы, тараптар, іске қатысушы басқа да тұлғалар және сот өкілдері, дау нысанасы немесе мәлімделінген талап көрсетіледі.

сипаттау

бөлігінде талап қоюшының талаптары, жауапкердің Қарсылықтары және іске қатысушы басқа да тұлғалардың түсініктемелері көрсетіледі.

дәлелдеу

сот қабылдамаған дәлелдемелердің негіздемелері, сот басшылыққа алған заңдар, Жауапкердің талапты танығаны және оны соттың қабылдағаны туралы көрсетіледі.

қарар

шешімді орындаудың белгілі бір мерзімі мен тәртібі белгіленгендігі немесе дереу орындауға жіберілгендігі, шешімнің орындалуын қамтамасыз етуге шаралар Қолданғандығы туралы көрсетілуі тиіс.

ШЕШІМДІ ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ

атқару парағы шешім шығарылғаннан кейін дереу берілуі

Міндетті

Алимент өндіру туралы;

жұмысқа қайта
орналастыру туралы;

ереуілді заңсыз деп тану
туралы.

Факультативті

Егер айрықша жағдайлардың салдарынан шешімді орындаудағы кідіріс өндіріп алушыны елеулі зиянға әкеп соғуы мүмкін болса немесе шешімді орындау мүмкін болмаса, сот талап қоюшының өтінімі бойынша шешімді дереу орындауға жібереді.

СОТТЫҢ БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯСЫНЫҢ ҰЙҒАРЫМДАРЫ

істі мәні бойынша шешпейтін бірінші сатыдағы сот актісі

Кіріспе бөлігі

Сипаттау бөлігі

Дәлелдеу бөлігі

Қарар бөлігі

мазмұны

Ұйғарымның шығарылу уақыты мен орны;

СОТТЫҢ ҚАУЛЫСЫ;

ұйғарым шығарылған мәселе;

ұйғарым шағымдануға жатса, шағымдау тәртібі мен мерзімі.

СОТ ҰЙҒАРЫМДАРЫН ЖІКТЕУ

Субъектісі бойынша



Жеке дара;

Нысаны бойынша



Жеке жазбаша құжат
ретінде;

сот хаттамасына
енгізілетін төрағалық
етушінің ауызша
нұсқаулары;

Мазмұны бойынша



Дайындау ұйғарымдары

қиып өтуші ұйғарымдар

аяқтаушы ұйғарымдар

толықтырушы ұйғарымдар

жеке ұйғарымдар

СЫРТТАЙ ІС ЖҮРГІЗУ

Ерекшеліктері

істі сырттай іс жүргізу тәртібімен қарау туралы сот ұйғарым шығарады;

талап қоюшы талаптың нысанасын немесе негіздемесін өзгертпесе.

Шарттары

талап қоюшы істі сырттай қарауға қарсы болмаса.

жауапкер келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламаған;

Мақсаттары

Сотта істі қараудың тиімділігін арттыру;

жауапкердің себепсіз сот отырысына келмей қалып, іс қарау уақытын создыруын болдырмау.

ЕРЕКШЕ ТАЛАП ҚОЮМЕН ІС ЖҮРГІЗУ

мемлекеттік органдар мен лауазым иелерінің қызметін соттың қадағалау нысаны.

Талап қою бойынша іс жүргізуге қарағанда ерекше талап қоюмен іс жүргізуде **бітімгершілік келісім бекіту, істі қарауды аралық сотқа беру, қарсы талап қою, тиісті емес жауапкерді ауыстыру** орын алмайды;

іс қозғау мақсатында сотқа жүгінуші тұлға **арыз беруші**, қарсы тарап **мүдделі тұлға** деп аталады;

ерекше талап қоюмен іс жүргізуде **заңды өкілдер** қатыспайды, өйткені мемлекеттік органдар мен оның лауазым иелері тек **әрекетқабілетті** тұлғалар;

кей жағдайларда азаматтарға сотқа немесе әкімшілік бағыныстылығы бойынша жоғары тұрған органға жүгінуді **таңдауға** мүмкіндік беріледі.

ЕРЕКШЕ ІС ЖҮРГІЗУ

құқық туралы даумен байланысты емес заңи деректерді сотта анықтау және нотариат пен АХАЖ органдарының әрекеттерінің заңдылығын қадағалау

Негізгі ерекшелігі **құқық туралы дау болмайды.**

ерекше іс жүргізу ҚР АПК Кодексындағы ережелер бойынша жүргізіледі;

ерекше іс жүргізу тәртібімен **іс қозғаушы тұлға арыз беруші** деп аталады;

Іс талап қою бойынша іс жүргізу тәртібімен **оның қозғалу орны** бойынша қаралады.

СОТ АКТІЛЕРІН ҚАЙТА ҚАРАУ БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ

наразылық
келтіру құқығы бар
тұлғалар



Тараптар және іске қатысушы басқа
да тұлғалар;

Қазақстан Республикасының Бас
прокуроры мен оның
орынбасарлары;

іске қатысуға
тартылмаған, бірақ сот құқықтары
мен міндеттері жөнінде **шешім**
қабылданған тұлғалар;

наразылық беру тәртібі
және мерзімдері



Шешім шығарылған сот арқылы
беріледі (келтіріледі);

тікелей апелляциялық сатыға
келіп түскен шағымдар
(наразылықтар) **шешім шығарған**
сотқа жіберіледі

шағым, наразылық сот дәлелді
шешім шығарғаннан кейін **он бес** күн
ішінде берілуі (келтірілуі) мүмкін.

наразылықтарды
қарайтын соттар



Аудандық және оларға
теңестірілген соттар
шығарған шешімдер

облыстық және оған
теңестірілген бірінші
сатыдағы соттар шығарған
шешімдер

ҚАДАҒАЛАУ ТӘРТІБІМЕН ІС ЖҮРГІЗУ

Сот қадағалауы тәртібімен қайта қарауға жататын сот актілері



Бірінші сатыдағы соттың шешімдері;

апелляциялық және қадағалау сатысындағы соттардың қаулылары;

бірінші сатыдағы соттың істі қарауды жалғастыруға кедергі келтіретін ұйғарымдары;

Істі қадағалау тәртібімен қарайтын соттар



аудандық және оған теңестірілген соттардың заңды күшіне енген шешімдеріне, ұйғарымдарына, қаулыларына;

облыстық және оған теңестірілген соттардың азаматтық істер жөніндегі алқасы

бірінші сатыдағы соттардың шешімдеріне, ұйғарымдарына, қаулыларына;

наразылық келтіруге құқығы бар тұлғалар




Тараптар және апелляциялық шағым беруге құқылы басқа да тұлғалар;


ҚР Бас прокуроры, оның орынбасарлары;

облыстың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар.

ЗАҢДЫ КҮШІНЕ ЕНГЕН СОТ АКТІЛЕРІНЕ ШАҒЫМ ЖАСАУ, НАРАЗЫЛЫҚ КЕЛТІРУ МЕРЗІМДЕРІ



Соттың шешімі, ұйғарымы, қаулысы заңды күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде *(бұл мерзім адам мен азаматтың ҚР Конституциясында көрсетілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірсе, ҚР Конституциялық Кеңесі шешімдерді, ұйғарымдарды, қаулыларды шығаруда негізге алынған нормативті акт конституциялық емес деп таныған жағдайда қолданылмайды)*



егер қадағалау наразылығын келтіру туралы өтінім прокурорға белгіленген мерзім шегінде берілсе, бірақ ол бойынша **шешім қабылданбаса**, сот наразылық келтіру мерзімін ұзартады. Наразылықта бұл туралы көрсетілуі тиіс.

ҚАДАҒАЛАУ ШАҒЫМЫН АЛДЫН АЛА ҚАРАУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛА ҚАРАУ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНАТЫН ШЕШІМДЕР

Қадағалау шағымын алдын ала қарау

Қадағалау шағымы келіп түскен күннен бастап **бір айдың** ішінде қаралады;

қажет болған жағдайда азаматтық **іс сұратылуы** мүмкін

қадағалау шағымы алдын ала қаралатын күн туралы прокурорға, шағым берген тұлғаға хабарланады,

алдын ала қарау бойынша қабылданатын шешімдер

қадағалау шағымын қайтару туралы қаулы шығарады.

шағым берілген сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғаудан бас тарту туралы;

қадағалау іс жүргізуін қозғау және қадағалау шағымын азаматтық істі сұрата отырып қарау туралы;

ҚАДАҒАЛАУ САТЫСЫНДА ІС ҚАРАУ ШЕКТЕРІ.

Қадағалау сатысында іс қарау шектері

наразылық дәлелдері шегінде **бірінші, апелляциялық** сатыдағы соттар шығарған сот қаулыларының **заңдылығы мен негізділігін** тексереді;

наразылық келтірілген шешімнің **заңдылығын толық көлемінде** тексеруге құқылы;

Істі қадағалау тәртібімен қарайтын сот нұсқауларының міндеттілігі

Істі қадағалау тәртібімен қараған соттың **шешімнің, қаулының күшін жою** туралы, оның ішінде **заңды түсіндіру туралы** қаулыда баяндалған нұсқаулары сол істі **қайта қарайтын сот үшін міндетті** болып табылады.

ЗАҢДЫ КҮШІНЕ ЕНГЕН ШЕШІМДЕРДІ, ҰЙҒАРЫМДАР МЕН ҚАУЛЫЛАРДЫ ЖАҢАДАН АНЫҚТАЛҒАН МӘН-ЖАЙЛАР БОЙЫНША ҚАЙТА ҚАРАЙТЫН СОТТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨКІЛЕТТІГІ



Бірінші сатыдағы соттың заңды күшіне енген шешімін жаңадан анықталған мән- жайлар бойынша осы шешімді шығарған сот қарайды;

Жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарауды шешімді өзгерткен немесе жаңа шешім шығарған сот жүргізеді



қаулының күшін жояды немесе қайта қараудан бас тартады.

заңды күшіне енген шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарайтын соттардың өкілеттігі;

ЗАҢДЫ КҮШІНЕ ЕНГЕН ШЕШІМДЕРДІ, ҰЙҒАРЫМДАР МЕН ҚАУЛЫЛАРДЫ ЖАҢАДАН АНЫҚТАЛҒАН МӘН-ЖАЙЛАР БОЙЫНША ҚАЙТА ҚАРАУ



Арыз берушіге белгілі болмаған және белгілі болуы мүмкін емес іс үшін маңызды мән-жайлар;

сарапшының көпе-көрінеу жалған қорытындысы, көпе-көрінеу дұрыс аудармау, құжаттардың не заттай дәлелдемелердің жалғандығы;

сот өкілдерінің қылмысты әрекеттері немесе судьяның сол істі қарау барысында жасаған қылмысты әрекеттері;

ҚР Конституциялық Кеңесінің соттың сот актісін шығару кезінде қолданған заңын немесе өзге нормативтік құқықтық актісін конституциялық емес деп тануы.